



● КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК



Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Сочидағы спорт бәсекесінде жүрген спортшыларымыз – жеңіс тұғырында. Бұл байрақты додаға қатысу үшін әлемнің 35 елінен 800-ден аса спортшы келді. Ойын бағдарламасына жеңіл атлетика, жүзу, үстел теннисі, садақ ату, армспорт және паратхэквондо кірді.

Шығыс Қазақстан облысының мақтанышы Айболат

Құнапиев IWAS дүниежүзілік паралимпиада ойындарында Қазақстан құрамасының қоржынына бірінші медальді салған-ды. 75 келіден жоғары салмақ дәрежесіндегі армрестлингтен ҚР чемпионы сол қолмен күресте үшінші орынды місе тұтқан еді.

Алғашқы алтын жарыстың үшінші күні қоржынға түсті. Оның иесі – Зульфия Ғабидуллина. Осыдан бірер жыл бұрын суға жүзуден тірек-қимыл аппараты мен көру мүшесі зақымданған спортшылар арасындағы әлем чемпиона-

тында қазақстандық Зульфия үш бірдей жүлдеге қол жеткізіп, сенсация жасаған болатын. Ұлттық паралимпиада комитетінің ақпаратына сәйкес Сочи жарысында чемпион қыз 150 метр қашықтықты 3,5 минутта жүзіп өткен.

Дәл осы күні еркін жүзу бойынша Наталья Звягинцева қола медальға ие болды. Үздік үштікті қорытындылаған спортшылардың қатарында жүзуден Михаил Еременко, найза лақтырудан Руфат Хабибуллин, жүгіруден Болат Бейбарыс, Виталий Марченколар бар.

● ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТ

Екінші бесжылдық екпінді жобаларға толы

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының екінші бесжылдығында елімізде металлургия, мұнай-химия, машина құрылысы, азық-түлік өндірісі, құрылыс материалдарын шыға-

ру тәрізді алты бірдей жетекші сала бойынша тың жобаларды жүзеге асыру жоспарланған.

Соның ішінде біздің облыс үшін «оң жамбасқа» келетін негізгі төрт бағыт тандалып алынды. Олар: қара металлургия, азық-түлік өндірісі, автокөлік және ауылшаруашылық техникасын құрастыру салалары басты қа-

перге алынбақ.

Үстіміздегі жылдың ақпан айында «Атамекен» кәсіпкерлер Палатасымен бірлесіп индустрияландыру Картасы түзілген-тұғын. Оған жалпы құны 321,9 млрд. теңге тұратын 16 жоба енгізілді. Бұлар кәдеге асқанда 3249 жаңа жұмыс орны пайда болады.

Жалпы, жаңа жобаларды жүзеге асыруда астықты өңір республикада 11-ші орында тұр, ал инвестиция тарту жағынан 8-ші орында. Тұрғындарды жұмысқа орналастыру деңгейі де жаман емес. Бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Сергей Карплюк кезекті аппарат мәжілісінде мәлімдеді.

Негізі, еліміздегі индустрияландыру картасына 23 ірі жоба кіреді. Олардың жалпы құны 6,5 трлн. теңге.

● ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА – 550 ЖЫЛ

Хандығымыздың тарихы – тұтастық символы



Қыдырбек ҚЫЫСХАНҰЛЫ

Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы халқымызда тәуелсіздік алғанға дейін бұрын мемлекет болған жоқ дейтін сырт көздердің сөзінен кейін аталып өтіп жатқан шара емес. Қазақ жұрты бес жарым ғасыр бұрын осыншама ұлан-ғайыр жерде қалай мемлекет орнатты деп, елдігіміздің өткен тарихына күмәнмен қарайтын мысық тілеулі жандардың бар екені жасырын емес. Алайда Әз Керей мен Әз Жәнібек хандардың тәртіпті-деп ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып, төбе билерді шақырып, 1465 жылы Қазақ деген орданың қазығын қаққаны бұлтартпайтын шындық.

Апта басында Достық үйінде Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына арналған басқосу өтті. "Тарих – ұлттық сананы қалыптастырушы фактор" деп аталатын шараны облыстық ішкі саясат басқармасы мен А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті ұйымдастырып отыр. Басқосуға өңірдің белгілі азаматтары, ғалымдары, ақын-жазушылар, саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, тілшілер қауымы, ұстаздар, мәдениет қызметкерлері шақырылған екен.

Қазір қоғам арасында "Қазақ хандығы" мен "Қазақ мемлекеттігі" деген ұғымдарға талас тудыратындар аз емес. Расында Ұлы Даламызда Қазақ хандығына дейін де талай хандықтар, талай қағандықтар, мемлекеттер, ұлыстар болды. Бірақ Керей мен Жәнібек іргесін бекіткен хандығымыздың орны тарихымыз үшін айрықша. ҚМПИ проректоры, тарих ғылымының докторы, профессор Еркін Әбілдің ойы осыған саяды:

– Біз мемлекетіміздің өткен тарихын терең зерттеуді тәуелсіздік алған жылдардан бері қолға ала бастадық. Бұрын біздің тарихымызда қазақ-жоңғар соғысынан басқа үлкен оқиға болмаған секілді түсінік қалыптасып келді. Ал Ел Президенті Н.Назарбаев өзінің "Тарих толқынында" еңбегінде тура осы Қазақ хандығының орнауы мәселесін орынды көтерді. Бұл ойдың айтылғанына да он бес жылдан асыпты. Енді осындай мерекелік тойымызды

өткізіп алғанымыз тарихымыз үшін үлкен қателік болар еді.

Кеңес саясаты елдіміздің тарихын шектемек пиғылда болды. Өткен ғасырдың 70-жылдары Қазақстан тарихы пәні 20 сағаттан артық оқытылмаған. Оның өзі кеңестік тарихтың бір бөлшегі ретінде Қазан төңкерісінен бергі оқиғаларды ғана қамтыды. Философия ғылымының докторы, профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі Сапар Қалдыбаев өткен күннің осындай қиянаттары жайында ойын айтты. Тіпті, бүгінгі заманда қазақ халқының мемлекет құруына күмәнмен қарайтын ғалымдардың да арамызда барын сынға алды:

– "Көшпелі халық отырықшы елге айналуы мүмкін емес", "Осыншама кең аумақта қалай шекара бекітілген?" деген қарсы ой айтатын батыстық ғалымдар аз емес. Оның үстіне біздің хандық дәуірімізде заң жоқ, салық салу жүйесі болмаған дейтін пікірлер де бар. Бірақ біз ұлы даламызда ордалы хандық орнаттық. Ол шындық. Ал қазақ ұлты сол мемлекеттің қазығы қағылғанға дейін құралып үлгерді.

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің проректоры, филология ғылымының докторы, профессор Алмас Әбсадық қазақ халқының біріккен ел, ал хандығымыздың тұғырлы болуына оның заңдарының ерекше орын алғанын айтады. "Қасым ханның қасқа жолы", "Есім ханның ескі жолы", "ӘзТәукеңі Жеті жарғысы" 16-18 ғасырлардағы мемлекетіміздің айбатын асырып, абыройын биіктеткені рас. Осы жарғылардың әрқайсысы хандарымыздың ат үстінде қиын-қыстау замандарды бастан кешіріп жүрген кездерде өмірге келді. Заңдардың барлығы қазақ халқының бүтіндігін сақтау жолында зор қызмет етті.

Шара барысында бұдан бөлек, ғалымдар білім беру мекемелерінде тарих пәнінің оқытылу мәселесі, мемлекет тарихын зерттеудегі ғылыми әдебиеттердің орны, Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы патриоттық тәрбие бастауы болу қажеттігі жайында баяндамалар жасады.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● ТҮЙТКІЛ

Он баланың анасы қамқорлық күтеді

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

"Нұр Отан" партиясы облыстық филиалының қоғамдық қабылдауында облыстық мәслихат хатшысы Сайлаубек Ещанов азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Жағдайын айтып, жәрдем сұраған Гүлнар Қадамбаева – ауған соғысы ардагерінің жесірі, он баланың анасы. Алты қызы, төрт ұлы бар. Денисов ауданында тұрады. Осыдан жеті жыл бұрын жолдасы, жауынгер-интернационалист Табыл Қадамбаев өмірден өтіп кеткен еді. Қабырғаны қайыстырып, белді бүккен де осы болатын.

– Күйеуім бар кезде ешкімнің есігіне елпепдеп, жәрдем сұраған емеспін. Қазір көкірегімді қарс айыратын мәселелер жетерлік. Ең негізгісі – баспана жайы. Әкімшілік алып берген үй бар. Дегенмен, алмағайып заманда, күндердің бірінде ол шаңырақты кімнің алып қоятынын да білмейміз ғой. Сондықтан жеке үйім болса екен деймін. Алла берген он баламның екеуі – мұғалім, екеуі – дәрігер, бесеуі оқиды, ал алтыншы қызымның мүмкіндігі шектеулі... Мен шаршап кеттім. Олардың әрқайсысын жерге қаратқым келмейді. Қатарынан қалмайтын болады балаларым. Бар тілегім, сәбилерімнің далада қалып қоймауы ғой, – дейді Гүлнар Төлебайқызы.

Ана-жүректің сөздері сай-сүйекті сырқыратады. Бұл отбасының қолында бар қазіргі құнды дүниесі – жары Табылдың ерен еңбектері мен жеткен жетістіктері ғана. Олардың арасында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының наградасы да бар. Айтпақшы, үлкен ұлы Әлішер де әкесінің жолын қуған екен. Алматыдағы Б.Момышұлы атындағы әскери мектептің оқушысы. Гүлнар апайдың айтуынша, балалары үздік оқиды, қиындықты жасынан көріп келе жатыр.

Гүлнар Қадамбаева денсаулығына байланыс-



ты ота жасатуға дайындалып жатыр. Денисов ауданындағы мектепте шаруашылық меңгерушісі болып қызмет істейді. Жалақысы 28 мың теңге. Отбасын жалғыз асырап келе жатқан ана бұл ақшаны қайда жеткізетінін білмейді. Қосымша табысы да жоқ.

Облыстық мәслихат хатшысы Сайлаубек Ещанов пен "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әлия Сапарова "Алтын алқа" иегерінің базынасын тыңдаған болатын.

– Батыр ананың жағдайы міндетті түрде шешілетін болады. Он баланың анасы, ауған соғысы ардагерінің жұбайы бола тұра көмек ала алмай отырғаны жарамайды. Денисов ауданына барып, өңір әкімімен жолығып, өтініш иесінің сұрақтарын талқылайтын боламыз. Үйді жекешелендіру әрі материалдық көмек мәселелерін назарда ұстаймыз, – деді Сайлаубек Ещанов.

Сонымен, жәрдем сұрап келген Гүлнар Қадамбаеваға барлық жағдай жасалынатын болады. "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалы мен облыстық мәслихат алдағы күндері мәселені оңтайлы шешуге уәде берді.

● ТӘРТІПТІК КЕҢЕСТЕ

Ескерту беруді ұсынды

Гүлназым САҒИТОВА

2015 жылғы 2 қазанда ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінде тәртіптік кеңестің кезекті отырысы болып өтті. Отырыста облыстық білім басқармасының басшысы Әлия Төртқараеваға қатысты тәртіптік іс қаралды.

Тәртіптік кеңестің кезекті өткен алдыңғы отырысында білім басқармасы жетекшісінің орынбасары мен бөлім жетекшісіне заңды және жеке тұлғалардың құқықтарын іске асыру және олардың өтініштерін беру және қарауға байланысты жұмыс барысы мен мерзімін, ҚР мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексін бұзғандығы үшін сөгіс берілгенді. Және де облысымыздағы республикалық "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірінші медиа орталығы" білім саласындағы сыбайластық жемқорлыққа қарсы күрес Жоспарды орындау бойынша телевизиялық сұхбат беруді сұрайтын өтініш жіберілгені анықталды. Басқармада өтінішті ұйымдар арасындағы хат алмасу ретінде тіркеген. Іс-қағаз және мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдардағы құжат айналымының нұсқаулық ережелеріне, заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін тіркеу ережесіне сәйкес, аталған өтініш заңды тұлғаның өтініші ретінде тіркелуі тиіс еді. Алайда, Ә.Төртқараева жоғарыда айтылған тапсырмаларды орынбасарына тапсырғанда өзі кезекті еңбек демалысына 7 шілдеден бастап кете барған. Демалыста жүргенде белгіленген заңның тәртібі бойынша әлгі өтінішке жауап берудің мерзімі өтіп кетеді. Мемлекеттік органның басшысы ретінде аталған өтінішпен жұмыстың ұйымдастырылуын қадағаламаған.

Кеңес барысында білім жетекшісі Әлия Төртқараева өзінің 7-24 шілде аралығында кезекті

байланысты жазбаша жауап та ала алмайды.

Тәртіптік кеңес мүшелері алдында енді сол мәселеге байланысты облыстық білім басқармасының жетекшісі Әлия Төртқараева жауап берді. Сонымен, үстіміздегі жылғы 1 шілдеде облысымыздағы республикалық "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірінші медиа орталығы" білім саласындағы сыбайластық жемқорлыққа қарсы күрес Жоспарды орындау бойынша телевизиялық сұхбат беруді сұрайтын өтініш жіберілгені анықталды. Басқармада өтінішті ұйымдар арасындағы хат алмасу ретінде тіркеген. Іс-қағаз және мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдардағы құжат айналымының нұсқаулық ережелеріне, заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін тіркеу ережесіне сәйкес, аталған өтініш заңды тұлғаның өтініші ретінде тіркелуі тиіс еді. Алайда, Ә.Төртқараева жоғарыда айтылған тапсырмаларды орынбасарына тапсырғанда өзі кезекті еңбек демалысына 7 шілдеден бастап кете барған. Демалыста жүргенде белгіленген заңның тәртібі бойынша әлгі өтінішке жауап берудің мерзімі өтіп кетеді. Мемлекеттік органның басшысы ретінде аталған өтінішпен жұмыстың ұйымдастырылуын қадағаламаған.

Кеңес барысында білім жетекшісі Әлия Төртқараева өзінің 7-24 шілде аралығында кезекті

еңбек демалысында болып, сұхбатты дер кезінде медиа орталығына бере алмағандығын, алайда, демалыстан шыққан соң 7 тамызда кездесіп уәделескенімен, қайтадан ол кездесуді 6 тамызға ауыстыруын сұрап хабарласқандығын, бірақ 4 тамызда облыстық ішкі саясат басқармасының өтініші бойынша журналистермен брифинг өткізгендігін, ол брифингке медиа орталық өкілінің келмегендігін, әйтсе де орталықтан сұрақтарын сұратып жазбаша жауап бергендіктерін айтты.

Осындай облыстық білім жетекшісінің жауабын тыңдай келе, тәртіптік кеңестің мүшелері білім жетекшісі заңды және жеке тұлғалардың құқықтарын іске асыру және олардың өтініштерін беру және қарауға байланысты жұмыс барысы мен мерзімін, ҚР мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексін бұзып отырғандығын, білім саласының шенеуніктері жөңсіздікке жол беріп отырғандығын, басшы тарапынан бақылау мен жұмыс тәртібін ұйымдастыруда босаңсылықтың бар екендігін жеткізді. Сол секілді кеңес мүшелері мемлекеттік органда мемлекеттік қызметші лауазымында болғандықтан жауапкершілікті сезініп, белгіленген заң нормасында жұмыс жасау қажет дейді. Тәртіптік кеңес Қостанай облысы әкіміне Ә.Төртқараеваны жауапқа тартуға яғни, ескерту беруге ұсыныс жасады.

Екінші бесжылдық екпінді жобаларға толы

1-бет. Онда біздің облыс ұсынған бір ғана жоба бар. Ол «ССКӨБ»АҚ-ында қуаттылығы жылына 1,8 млн. тонна өнім өндіруге қауқарлы металл өнімдері зауытының құрылысын салу. Құны 99,1 млрд.теңгеге бағаланған жоба іске қосылғанда 550 жаңа жұмыс орны ашылады.

Биыл индустрияландыру Картасының аясында өңір тағы үш жоба пайдалануға берілді. Сөйтіп, қосымша тағы 109 жұмыс орны пайда болды.

Жаздың күні Рудный қаласындағы «Лидер-2010» ЖШС-і сүт және қышқыл сүт өнімдерін шығаратын цехты пайдалануға берді. Оның құны 1 млрд. 250 млн. теңге тұрады. Жаңа жұмыс орнына 30 адам орналастырылды.

Бұл кәсіпорын жыл басынан бері 19,8 млн. теңгенің өнімдерін өндiрген. Заманауи технологияларды енгізіп, арнайы ПЭТ құтыларын пайдалану арқылы өнімдердің сақтау мерзімі ұлғайтылған. Бұл өз кезегінде сату жағырапиясын біршама кеңейтуге ықпал етеді. Мәселен, рудныйлық кәсіпорын шығарған өнімдерді еліміздің барлық өңірлерімен қоса Ресейдің отыз шақты қалалары тұтынады.

Сондай-ақ, үстіміздегі жылы «Арасан» фирмасы» ЖШС-і алкогольсыз сусындар, су, шәй, квас, жеміс және көкөніс шырындарын шығаратын цехты іске қосты. Оның құны 2 млрд. 69 млн. теңгеге бағаланып отыр. Зауытта күні бүгін 35 адам еңбек етеді. Бұл кәсіпорын жұмыс істегелі 42,5 млн. теңгенің өнімдері өз тұтынушыларына жол тартты. Зауытта Германияның «Krones» фирмасынан әкелінген жоғары өнімді автоматтандырылған заманауи жаңа кондырғылар орнатылды. Әлемдік стандарттарға сәйкес келетін осындай жабдықтардың арқасында өндіріс ошағында жеңіл сусындардың жиырма сегіз түрі шығарылады. Жобаның ең тиімді тұсы сол, мұнда Қазақстанда ең бірінші болып табиғи йодталған су пайдаланылады. Кәсіпорын толық қуатына көшкен кезде бір адамға шаққандағы еңбек өнімділігі 266 мың АҚШ долларына жететін болады.

Жуырда Таран ауданындағы «Первомайский Щебзавод» ЖШС-інің базасында ұнтақтау-сорттау кешені ашылды. Бұл жобаның құны 485,3 млн. теңге. Кәсіпорында 44 адам жұмыс істейді. Олар есепті кезеңге дейін 156,8 млн. теңгенің өнімдерін өндіріпті.

2016 жылы индустрияландыру Картасының аясында облыста тағы бес ауқымды жоба жүзеге асырылмақ. Оларға құйылатын жалпы инвестицияның көлемі 31 млрд.теңге. Бүгінде соның шамамен 10,8 млрд. теңгесі немесе 35% игерілген. Жаңа жұмыс орындары 337 адамды еңбекпен қамтитын болады. Мәселен, «Жас қанат – 2006» ЖШС-ін қайта жаңғырту арқылы жылына 250 млн. дана жұмыртқа өндіру, жылына 18 мың тонна сұйық май шығаратын «K-Oil» ЖШС-ін іске қосу, Лисаков қаласындағы «Спец-СтальКонструкция» ЖШС-нің базасында аңғар қаңқаларын жасайтын цех, Рудныйдағы цемент зауыты, Арқалықта «Желсаябағының» құрылысын салу тәрізді ауқымды жобалар баршылық.

Астықты өңір 2017 жылы да 1023 адамға лайықталған 3 жобаны пайдалануға беруді көздеп отыр. Оған шамамен 35,3 млрд. теңге инвестиция тартылмақ. Соның 2,5 млрд. теңгесі немесе 7%-ы игеріліп те қойды. Болашақ жобаларды да сөз арасына қыстыра кетейік. Қостанайдағы «Дружинин» жеке кәсіпорны нан өнімдері мен түрлі тәттілер шығаратын фабрика ашуды көздейді. Оған 2 млрд. теңге қажетсіне, бүгінгі күні 2 млрд. 49 млн. теңге жұмсалып та үлгеріпті. Сөйтіп жеке кәсіпорын 120 жаңа жұмыс орнын ашуға ниет білдірген.

Қазіргі таңда құрылыс-монтаж жұмыстары 90%-ға орындалыпты. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы арқылы кәсіпорын 70 млн. теңге көлемінде электрмен жабдықталды. Алайда, болашақ өндіріс ошағында шешімін күткен мәселелер де жоқ емес. Әлі күнге фабриканың жобалық-сметалық құжаттары мемлекеттік сараптамадан өтпеген. Жаңа кондырғыларды монтаждау мәселесі шешілген жоқ. Электрмен қосымша жабдықтау да уақыт оздырып алған. Қысқасы, Қостанай ауданының әкімдігі жоба иелерімен бірлесіп аталған проблемаларды бірнеше мәрте қайта қарастырды.

Сондай-ақ, Жітіқарадағы «ОрионМинералс» ЖШС-і құрамында алтын бар кен өндіруге қауқарлы кен-байыту фабрикасын іске қоспақшы. Мұның да жобалық құны қоммақты, яғни 8,7 млрд. теңгеге бағаланып отыр. Әзірге бар игерілген қаржы 440 млн. теңге. Кәсіпорын пайдалануға берілгенде 40 жұмыс орны ашылады деп межеленген. Әзірге,өндіріс құрылтайшысы – «Казцинк» АҚ-ы жыл соңына дейін жобалық жұмыстар-

ды жүргізуге кірісіп те кетті. Алайда, құрылыс салу мерзімі нақтыланған жоқ. Тағы бір ауқымды жоба Денисов ауданының аумағында жүзеге асуы тиіс. Ондағы «Қазақстан-Ресей кен компаниясы» ЖШС-і жылына 14 мың тонна молибден және 3,4 мың тонна вольфрам концентраттарын шығаратын өндіріс ошағын ашуды жоспарға енгізіпті. Оның құны 24,5 млрд. теңге. Келешекте кәсіпорында 863 адам еңбек етеді деп жоспарланған. Бірақ, жоба әлі игерусіз қалып тұр. Қазірше газ құбырының құрылысын салуға, электр желісін тартуға және карьерге жол салуға жер телімінің актісі жасалған. Геологиялық барлау жұмыстары жүргізілді. Енді құрылтайшылар инвесторлар іздестіріп жатыр.

2018-2019 жылдары да индустрияландыру Картасының шеңберінде жүзеге асатын жобалар бар. Алдағыны әрине, Алла біледі. Алайда, екінші бесжылдықтың аясында жүзеге асуы тиіс шаруалар шаш-етектен. Оған қомақты қаржы да қарастырылған. Облыс әкімінің орынбасары Сергей Карплюк өз баяндамасында екінші бесжылдықта, яғни 2015-2019 жылдар аралығында жүзеге асуы тиіс жобаларды «жіпке тізіп», олардың мүмкіндігін, қаржылық әлеуетін жан-жақты саралап берді. Тындап отырсаңыз, көңілге қонымды жобалар көп-ақ, егер оның бәрі жүзеге асса.

С.Карплюктің айтуынша, Қостанай, Рудный, Арқалық, Лисаков қалалары мен Таран, Қостанай аудандарының ғана инвестиция тарту белсенділігі жоғары. Осы алты өңірден өзгесі әлі «қалың ұйқы құшағында» жатыр. Мұны облыс басшысы Архимед Мұхамбетов те меңзеп өтті. Әрине, облыста өндірілетін өнеркәсіп өнімдерінің 90%-ы жоғары аттары аталған аудандар мен қалалардың үлесінде. Инвесторларды қызықтыратын басты факторлардың бірі – инфрақұрылымы жетік өңірлер екені де сөзсіз. Солай бола тұрса да басқа аудандарға ширақ қимыл қажет-ақ. Аймақ басшысы екінші бесжылдықтың тізіміне енген жобаларды жүзеге асыруда оның тиімділігі жағын жан-жақты ойластыру қажеттігін алға тартты. Жүзеге асырудың жөні осы екен деп бет алды жоспарлай берудің қажеті шамалы. Жоба нақты әрі «етек-жеңі» жып-жинақы болуы шарт. Сосын бір жобаны жылдар бойы созуға жол берілмеуі керек. Архимед Мұхамбетов жаңа жобаларды жүзеге асыруда бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Тобыл Торғай Тынысы

Әуе рейсі ашылды

Облыста. «Qazaq Air» әуе компаниясы аймақтық бағыттар бойынша желісін кеңейтуге кірісті. Қазан айынан бастап Қостанай-Ақтөбе бағытында әуе рейсі ашылмақ. Қос қаланы байланыстыратын жаңа рейстің уақыты да белгілі болып отыр. Ұшақ аптасына үш рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндерінде ұшады. Бір бағыттағы билеттің құны 11 638 теңгеден басталады.

Ойын баласы інісін оттан құтқарды

Қарабалық. Веселый Кут ауылында 8 жастағы бала өртенген үйден 3 жастағы інісін аман алып шықты. Жұмысбасты ата-аналары ағайындыларды үйге қамап кетуді әдетке айналдырған көрінеді. Қызыл жалын күш алғанда, ұлдардың үлкені теледидар қарап, кішісі кіреберісте ойнап отырған. Түтіннің иісін сезген ағасы ойланбастан бауырын алып, ашық тұрған терезеден шығып үлгерді. Оқиға орнына аудандық ТЖБ қызмектерлері келіп, үйдегі отты сөндірді. Қазіргі уақытта, оттың неден шыққаны анықталуда.

Баласын өлтірген әйел жазаланды

Таран. Қайғылы оқиға 5-ші маусымда тіркелді. Облыстық сот таратқан ақпаратқа жүгінер болсақ, сол күні әйел туған күнін достарымен атап, бірге арақ ішеді. Келер күні ұйқысынан ояңған әйел төрт айлық сәбиді емізбекке қасына алып жатқан. Мاستығы тарқамаған әйел осылайша, туған баласын кеудесімен тұншықтырып өлтіріп алады. Қылмысты келіншек 1 жылға шартты түрде бас бостандығынан айырылды.

Жемқорлыққа жол берген

Арқалық. Қалалық пензентхананы тексерген жергілікті прокуратура бас дәрігер мен бас есепшінің қызметтік өкілеттігін теріс пайдаланғанын әшкереледі. Мекеме басшылары «NSB Consult» ЖШС 354 000 теңгеге тоназытқыш сатып алады. Екеуара жасалған келісім шартқа сәйкес тауар құны мүлік жеткізілгеннен кейін төленуі тиіс. Десек те, мекеме басшылары ақшаны бірден аударған. Ал, тауарды әлі алмаған көрінеді. Істі тергеу барысында күдікті тұлғаларға қарсы «кепіл» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылып, шығын мемлекет пайдасына аударылды.

Жылу беріле бастады

Лисаков. Өткен сенбіден бастап қаладағы үйлерге жылу беріле бастады. Коммуналдық қызметке тұрғын үйлер белгілі кестеге сай қосылуда. Оның өзінде де, қысқы жылу маусымына әзір деген құжаттары барлары ғана жылытылмақ. Жергілікті билік өкілдері мұндай қадамға амалдың жоқтығынан барып отырғанын алға тартады. Биылғы жылу маусымының тағы бір ерекшелігі, жылу есептегіш құралдары жоқ тұрғындар коммуналдық қызмет үшін екі есе жоғары шығын шығаратын болады.

Тазалық акциясы басталды

Қостанай қ. Қалада жаппай сенбілік жұмыстары басталды. Оған мекемелер мен тұрғындар жұмылдырылып, шаһардың тысқары аумақтары назардын тыс қалмауы қадағаланып отыр. Сенбіліктің алғашқы күні әкімшілік қызметкерлері өздері бас болып, қолдарына күрек-кетпен алды. Ғимарат алдындағы гүл бақтарын күл-қоқыстан арылтты.

Кітапқұмарлар бас қосты

Қарабалық. Жастар бастама орталығы және «Қарабалық еріктілерінің» атсалысуымен «Мәдениетті Қарабалық» жобасы өткізілді. Жоба аясында «Freebook – Еркін кітап» атты іс-шара ұйымдастырылды. Мақсаты – ғаламтор мен электронды әлемнен бір сәт алшақтап, кітап беттерін ақтарып, рухани дүниені байыту. Орталық саябақта ұйымдастырылған шараға қатысқандар көп. Олар әлемдік классикалар мен жергілікті жазушылардың шығармаларымен танысу мүмкіндігін қалт жібермеді.

● ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Тіл білу -
ЗАМАН ТАЛАБЫШұға
ҚОҢҚАБАЙ

Қазақстан Республикасы халқының Тілдері күніне орай Қостанай облыстық телекоммуникация дирекциясында 15-25 қыркүйек аралығында "Тіл – достық тірегі" атты онкүндік өтті. Осы шараның шеңберінде облыстық телекоммуникация дирекциясы облыстық тілдерді дамыту басқармасымен бірлесе отырып, "Мемлекеттік тілдер саясатын жүзеге асырудағы этномәдени бірлестіктердің рөлі" тақырыбында "дөңгелек үстел" ұйымдастырды.



ныптары бар бірден-бір мекеме. Мұндағы әр қызметкер кез келген тілде сапалы қызмет көрсету үшін аянбай тер төгуде. Дирекция жанынан ашылған арнайы оқу сыныбы байланысшылардың тіл білімін жетілдіруге мол мүмкіндік туғызып отыр. Қазір екі жүзге жуық қызметкер деңгейлеріне қарай қосымша білім алуда. Бұл бастаманы тіл мамандары да құптады.

– Бізде тілдерді меңгеруге барлық жағ-

ныбы заманауи мультимедиялық көрнекті оқу-құралдарымен жабдықталған. Ағылшын, қазақ, орыс тілдері бойынша білікті мұғалімдер сабақ береді. Менен бастап ағылшын, қазақ тілдерін оқып, үйренуде, – дейді "Қазақтелеком" АҚ филиалының Қостанай ОТД Бас директоры Қажымұрат Темірханов.

Аталған ұжым мұнымен шектеліп қалмай, алдағы уақытта аталмыш оқу сыныптарының ауқымын одан әрі кеңейтпек. Қостанай ОТД қызметкерлерінің мемлекеттік тілді жетік меңгерсем деген ниеттері де жоқ емес.

– Екі тілді жетік меңгергендігім менің қызметтегі іс-құжаттарды жүргізуге және жұмыс бабындағы серіктестеріммен байланыс орнатуға зор септігін тигізеді. Менің ойымша, мемлекеттік тіл – тек қазақ халқының тілі емес, Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін патриот деп есептейтін азаматтардың тілі.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2020 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілінде сөйлеуі керек деген тапсырмасын жүзеге асыру үшін біз, жастар, өз үлесімізді қосуымыз керек. Елбасының саясатын қолдап, Жолдауда айтылған сөздерді іске асыру – біздің міндетіміз, – деп "Қазақтелеком" АҚ филиалының Қостанай ОТД маманы В.Семененкова мемлекеттік тіл туралы өз ойымен бөлісті.

СУРЕТТЕРДЕ: Келген қонақтар мұражайды аралауда, дөңгелек үстелге қатысушылар.

болат Үмбетов таңданысын жасырмай. Бір айта кетерлігі, Қостанай облыстық



телекоммуникация дирекциясы өңіріміздегі тіл сындыруға арналған оқу сы-

дай жасалған. Жалпы Елбасының үш тұғырлы тіл саясатын қолдаймыз. Оқу сы-

● ӘЛЕМНІҢ ӘМІРШІСІ – ЕҢБЕК

Бақыттың кілтін тапқандар

Карлығаш
ОСПАНОВА

Елбасы өзінің "Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам" тұжырымдамалық бағдарламасында: "әлемдік өркениеттің барлық құндылықтары, барлық экономикалық және мәдени байлықтар адам еңбегімен жасалады. Сондықтан, біз нақты өнімді жұмысты әлеуметтік жаңғырту саясатымыздың негізіне қоюымыз керек" деп атап айтқан болатын.

Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы жастарды түрлі салада кәсіби биікке қол жеткізген жандарды үлгі ете отырып тәрбиелеу, олардың бойын-



да патриотизм мен жаңа биіктерге ұмтылу сезімдерін қалыптастыру мақсатында кездестіру ұйымдастырды. Оған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері, КСРО-ның денсаулық сақтау ісінің үздігі, "Астана" медалінің иегері, Қостанай қаласы-

ның құрметті азаматы Көпей Малшыбаева, журналист, контент-менеджер, "Нұр Сұңқар" республикалық байқауының дипломанты, Қостанай облысы меценаттары сыйлығының иегері Ольга Еремкина және белгілі қостанайлық стильші-колорист,

"Selective" компаниясының ресми технолог маманы Алеся Флак-Прокочук шақырылды.

Кездесуге келген кәсіби мамандар оқушыларға өз тәжірибелері туралы, өз мамандықтарының кәсіби ерекшеліктері туралы ой бөлісіп, кез келген жетістікке тек осы еңбек арқылы ғана жетуге болатындығын тілге тиек етті.

– Өмірде қандай қиындықтар кездессе де, адам ешқашан мойымауы керек. Кез келген жетістікке тек еңбекпен жетуді ғана ойлау керек, еңбекпен тапқан нанның дәмі де ерекше болады. Бақыттың кілті де тек еңбекте екенін ұмытпаңдар, – дейді Көпей Әбдірахманқызы.

Басқосуда мектеп оқушылары да өздерін қызықтырған сауалдарды қойып, мамандардан нақты жауап алды.

СУРЕТТЕ: кездесуден көрініс. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Статистикалық
ақпараттандыру

Таяуда Жанкелдин ауданы орталығында Қостанай облысының статистика департаменті мен Жанкелдин ауданының статистика басқармасы статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен "Ашық есік күнін" өткізді. Оған облыстық статистика департаментінің мамандары Т.Т.Жартаева, Д.А.Закирова және Л.Н.Воропаевалар арнайы қатысып, түсінік жұмыстарын жүргізді.

"Ашық есік күніне" аудан әкімінің орынбасары Д.С.Бидашев, мекеме басшылары және ауыл, ауылдық – округ әкімдері мен мамандары қатысты. Жиналған көпшілік үшін Қазақстан Республикасы Статистика комитетімен Қостанай облысының статистика департаментінің жарияланымдары көрсетілді және ақпаратты пайдаланушылар өздеріне қажетті жарияланымдарды алды. "Статистикалық ақпараттарды таратудың саясаты", "Талдау" ақпараттық талдамалық жүйесі, "Әр шаруашылық бойынша есепке алу кітабын электрондық түрде жүргізу", "Еңбек және халықты жұмыспен қамту статистикасы" туралы түсінік беріліп, сайттар көрсетілді және қойылған сұрақтарға ұйымдастырушы тараптан жауаптар берілді.

Гүлім МЫЛТЫҚБАЙҚЫЗЫ. Жанкелдин ауданы.

● ҚҰРЫЛЫС



Төлеген ЖАЙЛАУБАЕВ:

ұтылып отырсыздар? Үкімет тарапынан қандай да көмектер болып жатыр ма?

– Рас, құрылыс материалдарының басым бөлігі Ресей мен Беларусьтен жеткізіледі. Соңғы айда олар санфаянс, жеделсаты, есептегіш құралдар, газплита бағасын 20% өсіріп жіберді. Біздің серіктестік мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыс істейтін болғандықтан, барлығы теңгемен есептеледі. Сол себепті материалдарды сатып алу жағынан шығын көріп отырмыз. Өтемақы туралы Үкіметке хат жаздық. Бірақ мемлекеттік сатып алу байқауының шарты бойынша өтемақы төленбейді. Және құрылыс салу мерзімін де ұзартуға хақымыз жоқ. Барлығын уақытында орындау керек. Дегенмен мойнымызға алған жобалар бойынша келе жатырмыз.

– Ал алдағы жылға қандай жоспарлар жасадыңыздар?

– Серіктестігіміз мемлекеттен тапсырыс алу арқылы жұмыс жасайтындықтан, келесі жылы да мемлекеттік сатып алу байқауы жөнінен қаржыландыру болар деген үміттеміз. Бүгінгі күні компаниямызда мыңға жақын жұмысшы бар. Егер Үкіметтен тапсырыс болмаса, жұмысшылардың тең жартысын қысқартудан басқа амал қалмайын деп тұр. Егер ондай жағдай болған күннің өзінде, мамандарды сақтап қалуға тырысамыз. Себебі, электр, экскаваторшы мамандар жетіспейді.

– Үкімет кейбір өңірлердегі құрылыс жұмыстарын қаржыландыруды уақытша тоқтатуы мүмкін бе?

лекеттік байқау әлі жарияланған жоқ. Оны уақыт көрсетеді.

– Ал осындай дағдарыс кезінде пәтер бағасын шарықтап кетеді дейтіндер көп. Осыған сіздің пікіріңіз қандай? Жалпы, тұрғын үй бағасының тұрақты тұруына және құрылыс материалдарын сатып алу кезіндегі көрші елдерге тәуелділіктен қалай құтылуға болады?

– Тұрғын үйге сұраныс артты деу – баспана бағасы қымбаттайды деген сөз емес. Пәтер бағасы төмендемесе, қымбаттаған жоқ. Бұрын әр шаршы метрді 140-150 мың теңгеге сатып келдік. Қазір 130 мың теңгеге қойдық. Жалпы біз доллар тәуелділігінен құтылып, баға саясатын өзіміздің төл валютамызбен жүргізуіміз керек. Егер кез келген бағаны долларға шаға берсек, онда ұтыла береміз. Жақында бензин қымбаттады, доллар өсті. Осыны жеке-леген банктер өз мүддесіне пайдаланып, алыпсатарлықпен айналысып жатыр. Ал құрылыс материалдарына келсек, компаниямыз 20 жылға жуық құрылыс саласында. Бір кездері материалдардың 85-90% сырттан алып келетінбіз. Ал қазір мемлекеттің саясаты арқасында импорттау көлемі 45-50% құрап отыр. Мәселен, бұрын кірпішті Ресейден алдыратын едік, бүгін ол өзімізде шығарылады. Соңғы үш жылда қажетті заттар өзімізде өндіріле бастап еді, кедергілер де азайды. Сол себепті, Қазақстан ішкі нарығында осы саланы дамытып, өндіріс орындарының санын да көбейте беру керек. Бір ғана Қостанайдағы үй құрылыс компанияты толық қуатына енсе, біраз түйткіл шешімін табар еді.

Әңгімелескен
Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ.

СУРЕТТЕ: "Ерлан компаниясы" ЖШС бас директоры Төлеген Жайлаубаев.

"Құрылыстың тоқтағаны — прогрестің тоқтағаны"

Қазіргі уақытта мемлекетіміздің уысынан шығармай, белдеуінен жібермей отырған бағдарламаларының бірі – құрылыс, соның ішінде тұрғын үй салу мәселесі. Соңғы кездегі әлемдік дағдарыс біздің экономикамызға да оңай тиіп тұрған жоқ. Ол индустрия, машина жасау, ауыл шаруашылығымен қатар, әлеуметтік салаларға, соның ішінде құрылысқа да салмақ болып түсті. Бұның сыртында теңгенің тұрақсыздығы тауар бағасының өсуіне әкеп соғуда. Алайда қолжетімді баспана боларлық көп қабатты ғимараттар салуды жалғастыра берудің амалдары бар. Осы және басқа да мәселені бізге өңірімізге танымал кәсіпкер, еліміздің құрылыс нарығында ұзақ жыл еңбек етіп келе жатқан "Ерлан компаниясы" ЖШС бас директоры Төлеген Жайлаубаев айтты берді.

– Аға, өзіңіз басқаратын компания бүгінгі уақытта облыс көлемінде бірнеше нысан салу үстінде. Ал құрылыс материалдарын сатып алуға да бағадан қаншалықты

Облыс орталығындағы КСК ауданында тоғыз қабатты 3 тұрғын үйдің 11 подъезінің 8-ін тапсырдық, қалған 3 подъезді қараша айының аяғына дейін тапсырамыз. 500 орынды онкологиялық диспансердің ғимаратын салып жатырмыз, оны да қарашаның 20-сында тапсыруға тиіспіз. Маяковский көшесінде 180 пәтерлі тұрғын үйді биыл тапсырдық. Оның сыртында Федоров, Сарыкөл аудандарында жұмыстар жасаудамыз. Биылғы жоспар бойынша осы жұмыстарды бітіріп, жылды шығынға батпай аяқтасақ деп отырмыз. Керек болса, өзіміз ұтқан жобаларымызды өз резервіміздегі қаражаттан тауып, аяқтауға тура келеді.

Дәл бүгінгідей азаматтардың тұрғын үйге сұранысы жоғары тұрған кезде құрылыс жұмыстарын тоқтатып тастауы мүмкін емес, олай болмауға тиіс. Елбасы өз баяндамасында шамамыз келсе құрылысты тоқтатпаймыз деді. Жүзеге асып жатқан "Нұрлы жол" бағдарламасы бар. Оның үстіне "ЭКСПО-2017" құрылысы қарқын алып тұрған шақ. Жекелеген салалар бойынша құрылыс жұмыстарын қаржыландыру азаюы мүмкін. Бірақ Елбасы жалпы тұрғын үй салу нақанын тоқтатпайды деп сенемін. Себебі құрылыс – қазіргі прогресіміз. Ал "Бәйтерек" жобасымен Қостанайда екі-үш тұрғын үй салынады деп жатыр. Келер жылға мем-

● ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА – 550 ЖЫЛ

Сарыкөлдіктердің сапары

Руслан
ӘЛЕККЕВ

Еліміздің қастерлі де киелі жерінің бірі – Ерейментау. Бұл өңірдің қойнауы тарихи шежіреге, тылсым сырға толы...

Жақында, Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында қанжығалылардың түпкі мекені болған Ерейментау еліне Сарыкөл өңіріндегі қанжығалы ұрпақтары сапарлап қайтты. Ол жақты көруге аңсары ауып барғандардың арасында: бұрын мектеп директоры, ауыл әкімі болған, бүгінде зейнеткер – Саим Шопағұлов, Төлебай Әбітжанов, Қаду Сақауов, Байсейіт ақсақал; кәсіпкер, "Жарнама агентствосы" ұжымының директоры – Ильяс Сақауов; кәсіпкер, кезінде көңшар директоры, аудан әкімі, Жітіқара қаласының әкімі болған Теміртай Айтқожин; осы делегацияны бастап барған бұрын мәдениет қызметкері, аудан әкімінің орынбасары болған, бүгінде аудандық кітапхананың директоры Солдат Дүтпаев пен оның інісі Президенттің іс басқарушысы қызметін атқаратын Таңат Дүтпаев болды. Негізі бұл сапарды ұйымдастырып, ол жақпен сөйлескен Сайлаубек Байболов.



Олар алдымен, Ерейментау ауданының әкімі Ермек Нұғымановтың қабылдауында болды. Екі тарап танысқан соң, өңірдің өткені мен бүгіні жайлы әңгімеледі. Сосын сарыкөлдіктер өңір жайында жазылған тарихи кітаптарды сыйға тартты. Сондай-ақ, қонаққоде ретінде делегацияны қарсы алған Ереймен азаматтары Сайлаубек Байболов, Өмірсерік Ержанов, Сайлау Байболсын, Алтынбек Баймолдин, Төлеутай Мұхамеджанов, Қанат Мұқановтардың иығына шапан жапты.

Содан соң қала көшелерін аралап, Бөгенбай батыр атындағы тарихи-өлкет-

ну мұражайына, Тоқан хазірет атындағы орталық мешітке, Үмбетей жырау атындағы аудандық мәдениет үйіне, Бөгенбай батыр ескерткішіне, батырлар аллеясына атбасын бұрды. Түс ауа Ерейменнің оңтүстік-шығысында жайғасқан Қоржынкөл жағасындағы Саққұлақ би мазарына, Мыңшұқыр маңында жерленген абыз ақын Үмбетей жырау қорымына, Керегетас аңғарында атақты Жантай батырдың ұлы Тоқаш кіндігінен тараған Нияз ұрпақтарының аруақтары жерленген қорымына, Тұмсықтағы Тоқан хазірет бейітінің басына барып, құран бағыштады. Бөгенбай батырдың 300 жылдығына арнап салынған, Елбасымыз өз қолымен ашқан

стелланы да өз көздерімен көрді.

– Ата қонысымызға барып келіп, қуанышымызда шек жоқ, Ерейментау – табысқа толы өңір екен, жел электр станциясы іске қосылғалы жатыр. Ал, мәдениет жағына тоқталсақ, түрлі өнер иелеріне бай. Байқаулар да облыс тарапынан жоғары баға алып жүр. Он шақты айтыскер ақыны бар. Жалпы, ондағы тарихқа, мәдениетке, дінге деген көзқарастың ерекшелігіне дән риза болдық, – дейді қанжығалы руының азаматы Қаду Сақауов.

Сарыкөл ауданы.

Құтырған тұз тағыларының кемитін түрі жоқ

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Қостанайда мал дәрігерлерінің қатысуымен құтырма ауруына байланысты жиналыс өткізілді. Негізінен бұл ауруды таратушылар – дала жануарлары. Құтырма көп таралған аймақтар – Қарабалық, Алтынсарин және Ұзынкөл аудандары екенін айтады мамандар.

Басты себеп – көршілес Ресейдегі хайуандардың бізге қарай өтуі. Мәселені қолға алған мамандар дала жануарларындағы вирусты азайтудың барлық жолдарын жасауда. Олар түрлі жемтіктерге дәрі-дәрмектер қосып, қалың орман арасына лақтыруда. Алайда, кеселге шалдыққан тұз тағыларының кемитін түрі көрінбейді.

– 2014 жылы жағдай саябырсып, тұрақталған еді. Бірақ биыл қайта өршіп отыр. Байқап көрген 79 сынағымыздың 10-ы ғана оң өзгеріс берді, – дейді Республикалық малдәрігерлік зертхананың Қостанай қаласы бойынша филиалының директоры Төлеген Иманбаев.

Эпидемиология мамандары елді мекендердегі қаңғыбас хайуандарды құрыққа түсіруді қолға алу керектігін тілге тиек етті. Облыстағы кейбір аудандар бұл мәселеге бейжай қарайды.

Тұрғындарға алдын ала хабарлап, сақтанғаны абзал. Жарақат алған бойда, дәрігерлердің көмегіне жүгінсе, диагнозды дәл қойып, шара қолдануға болады. Қостанай облысында ұзақ жылдардан бері құтырма вирусын жұқтырған адам жолықпаған. Зардап шеккендердің көбі уақытылы хабарласпаған болуы мүмкін.

● САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

Ер азаматтар денсаулығы сын көтермейді

Елімізде "Саламатты Қазақстан" бағдарламасы шеңберінде ерлер денсаулығына да баса назар аударылып отыр. Себебі, бүгінде елімізде ер адамдарға тән аурулар түрі көбейіп барады. Өкінішке қарай, әйелдермен салыстырғанда ер азаматтар дәрігерге де көп қарала бермейді. Ал, бұл дерттің алдын алуға кедергі. Мұның сыртында біздің елде уролог, андролог мамандары да жетіспейді. Соған қарамастан елімізде ерлерді түрлі сырқаттарға қарсы ақпараттандыру, дәрігерлердің біліктілігін арттыру жұмыстары жақсы жолға қойылып келеді. Міне, осы мақсатта Қостанайға еліміздің бас урологы, Б.Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығының бас директоры, профессор Мырзакәрім Алшынбаев бастаған ер азаматтар денсаулығы жөніндегі мамандар келіп, облыстық ауруханада денсаулық сабағын өткізді.

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Қазақстанда 2009 жылдан бері Б.Жарбосынов атындағы урологиялық ғылыми орталықтың бастамасымен "Ерлер денсаулығы" бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Аталған шара аясында Қазақстанның барлық аймақтарында 25 мыңға жуық ерлер тексерістен өткен. Скрининг нәтижесі көрсеткендей, қаралған ерлердің 56 пайызы белсіздікпен ауыратын болса, 30 пайызы – түрлі дәрежедегі ерлер бедеулігіне, 42 пайызы жыныстық жолмен жұғатын ауруларға шалдыққан. Ал, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, өмір сүру ұзақтығының көрсеткіші ерлерде әйелдерге қарағанда 10 пайызға төмен. 75 жастан кейін ерлердің рак ауруынан көз жұму қаупі екі есеге көп. Тіпті, сәбилер арасында да қыз балаларға қарағанда ұлдардың шетінеп кетуі үш есе жоғары көрінеді.

Конференцияда сөз алған еліміздің бас урологы М.Алшынбаев өз сөзінде ер адамдардың көп жағдайда өз денсаулығына жауапкершілікпен, мұқияттылықпен қарамайтындығын алға тартты. Олар дәрігердің алдына нәзік жандыларға қарағанда үш есе кем барады екен. Тек, содан кейін ғана зиянды заттарды тұтыну, өзін-өзі күтінбеу, артық салмақ, қозғалыстың аздығы сияқты себептер азаматтардың денсаулығына дерт жамауда. Тек, былтырғы жылдың өзінде ер азаматтардың денсаулығы орталығында 26 мың адам тексерістен өткен, соның 22 мыңы ем қабылдаған. Бүгінде аталған орталық мамандары "Саламатты Қазақстан" бағдарламасы шеңберінде барлық облыстарды аралап, ер азаматтарға арналған денсаулық мектептерінің аясында дәріс беруде. Қостанайға келгендегі басты мақсаттары да осы, яғни ауруды ерте анықтау ғана емес, аурудың алдын алу.

– Қазіргі таңда елімізде ер адамдардың белсіздікке шалдығуы да жиілеп барады. Мәселен, жүз отбасының он алтысы бедеуліктен зардап шегеді. Сол он алты пайыздың кем дегенде жартысында ер азаматтар өздері себепкер, өздері кінәлі. Өйткені, олар арақ ішеді, темекі тартады, жүйкесін тоздырады, сөйтіп денсаулығын құртады. Сол үшін де елімізде ер адамдар



әйелдерден он екі жас кем өмір сүреді. Сондай-ақ, еркектер әйелдерге қарағанда дәрігерге де үш есе кем қаралады. Қант диабетінен алты есе көп зардап шегеді. Тіпті, жаңа туған сәбилер арасында ер балалар үш есе көп шетінейді. Елімізде зейнеткерлердің 27 пайызы ғана ер адамдар, ал қалған 73 пайызы әйелдер. Бұл ойланатын жағдай, – дейді еліміздің бас урологы М.Алшынбаев.

Еліміздің әр өңірінде 2013 жылдан бастап "Саламатты Қазақстан" бағдарламасы шеңберінде "Ерлер денсаулығы мектебі" атты іс-шара жалғасып

келеді. Мақсат – салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталықтарының мамандарымен біріге отырып, ерлер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, жұмысқа психологтарды тарту, салалық мамандардың ерлердің репродуктивті денсаулығына баса назар аударуына ықпал ету болып табылады. Қостанайда да былтырдан бері облыстық аурухананың базасында ер азаматтарға арналған денсаулық мектебі жұмыс істеуде. Бүгінде бұл орталыққа келіп, өз денсаулықтарын тексертіп, дәрігерден кеңес алуға келетін ер адамдар қатары артып келеді. Өткен аптада өткен "Ерлердің денсаулығы мектебі" екі күндік шарасында да ерлер денсаулығы назарға алынып, 150 ер адам тегін тексерістен өтіп, урологтың, андрологтың пен кардиологтың кеңесін алды.

– "Ауруын жасырған, өледі" демекші, урологиялық сырқаттарға шалдыққан ер азаматтарымыздың дені дер кезінде дәрігерге қаралып, емделуге асықпайды. Ал, оның соңы белсіздік пен бедеулікке ұрындырып жатады. Ерлі-зайыптылар арасында бала болмаса, кінәратті көбі әйелден іздейді. Ауруханаға барып, бірінші тексерілетін де сол нәзік жандылар. Ал, әйелдердің бедеулігін анықтау ұзақ уақытқа жалғасатын процес. Осы уақыт аралығында әйелдер көбіне психологиялық тұрғыда да зақымданады. Ал, ер азаматтардың белсіздігін анықтау қиын емес. Бірақ, еркектердің уақытында қаралмайтындығы қынжылтады. Салдарынан әйелдері ұзақ уақытты босқа сарып етіп, ауруханада жүреді. Соңында күйеуінің белсіздікке шалдыққаны белгілі болады. Сондықтан, ер адам да дені сау ұрпақ сүйгісі келсе, өз денсаулығын күтуі керек. Ең бастысы, салауатты өмір салтын ұстаып, зиянды әдеттерден аулақ болуы шарт, – дейді облыстық аурухананың дәрігері Любовь Поликарская.

Осылайша, Қостанайда өткен "Ерлердің денсаулығы мектебі" екі күндік шарасында ерлер денсаулығы назарға алынып, урология саласы төңірегіндегі түйткілді мәселелер талқыға салынған жиын өз мәресіне жетті.

● "100 НАҚТЫ ҚАДАМ"

Түйткілді мәселе төңірегінде

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Қазақстан Коммунистік Халық партиясы дөңгелек үстел өткізді. "100 нақты қадамды" түсіндіру бойынша өткен кезекті жиынға ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет өткеру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының басшысы Өсет Досекенов қатысты. Ол өз баяндамасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаның 2015-2025 жылдардағы стратегиялық басым бағыттарына кеңінен тоқталды.

Қазақстан Коммунистік Халық партиясы мен департаменттің мемлекеттік қызмет өткеру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасы мемлекеттік қызметтегі кемшіліктерді болдырмау мақсатындағы жүйелі шешімдерді қарастырды.

– Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің саяси аренадағы бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің бек көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет, – деді Өсет Досекенов.

Мемлекеттік қызметші өз сөзінде жемқорлықпен күрестің мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығын айтты. Басқарма басшысы "100 нақты қадам" бойынша жүргізіліп келе жатқан іс-шаралардың әлі де жалғасатынын тілге тиек етті.

Кездесу барысында партия өкілдері "100 нақты қадам" жоспарындағы "Кәсіби мемлекеттік аппарат құру" тауы жайлы да пікір білдірді.

"Ұлттық жоспарды жүзеге асыру қажырлы еңбекті қажет етеді, сондықтан да оның орындалуында барлық мемлекеттік қызметшілер атсалысуы керек" деп тарқасты екі тарап.



Басты тапсырмаға бір қадам

Облыстық Әділет департаменті "Бес институционалдық реформаға, 100 нақты қадам" Ұлт жоспарының 27-қадамын орындау барысында және де жеке сот орындаушылары институтын дамыту негізінде бір тапсырманы орындады. Жеке сот орындаушысы Қайрат Баймұханов жаңадан салтанатты түрде кеңсе ашты. Бұл шара "Әділет органдары қызметкерлері күні" мерекесімен тұспа-тұс келді.

Аталмыш кеңсе Таран көшесі, 163 үйде орналасқан. Кеңседе бүгінгі күні 12 адам машықтанудан өтуде. Олар тәжірибе жинақтай келе лицензия алу жұмыстарына кіріспекші.

Облыстық әділет департаментінің баспасөз қызметі.

● МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР



– Дүйсенғали Сұлтанұлы, іс-шараның мән-маңызына тоқталып, кездесуден түйген ойыңызды айтып берсеңіз.

– Қостанай облыстық ішкі саясат басқармасы және облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығы ұсынған мемлекеттік-өлеуметтік тапсырыс шеңберінде өңірге қарасты аудан, қалаларды аралап, ақпараттандыру жұмысын жүргіздік. Мақсат – мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдауға арналған Елбасының саясатын халыққа жеткізу, түсіндіру. Кездесуге алыстағы елді мекендердің азаматтары арнайы келіп қатысты. Мүгедектердің өтініштері көптің көзінше айтылып, заңгерлер құқықтық кеңес берді. Кейбір мәселелер сол жерде жергілікті билік

өкілдерінің көмегімен шешімін тауып жатты.

Мүгедектердің өлеуметтік жағдайларын жақсартуда ел үкіметі қолға алған бағдарламалар, жеңілдіктер бар. Ең өкініштісі, сондай жеңілдіктер мен бағдарламаларды мүгедектер біле бермейді. Яғни, ауылдықтарға ақпарат толық жетпейді. Кейбір мүмкіндігі шектеулі азаматтар өздерінің құқықтары мен міндеттерінен, заң жүйесіндегі өзгерістерден бейхабар.

Аталған іс-шараның барысында Қарасу ауданына қарасты шағын ауылда тұратын балаларға мүгедектер арбасы жетпейтінін естідік. Қолымыздан келгенше көмектесіп, екі арба алып бердік. Бір жас бала компьютер керектігін айтып, біздің қоғамдық бірлестікке хабарласқан-ды.

Оның да өтінішін аяқсыз қалдырмай, компьютер сыйладық.

Мемлекеттік-өлеуметтік тапсырыстың арқасында елді мекендерге ақпарат тарату мүмкіндігіне ие болдық. Маңызды шараның нәтижесінде Қарасу, Сарыкөл аудандарында мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері ашылды. Мұндай қоғамдық бірлестіктердің көп болғаны жақсы. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар топтасқан қоғамдық бірлестіктердің көбеюіне тілекшіміз. Себебі, мүгедектердің мәселесі өздеріне ғана аян. Оны басқа адам түсіне алмайды.

– Ауылдағы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың біз білмейтін қандай мәселесі бар?

– Аудан орталықтарынан ал-

шақта орналасқан ауылдар қаншама. Сондағы мүгедектердің орталыққа барып оқуына жағдайлары келмейді. Яғни, жастай мүгедек атанған азаматтардың білім алуы қиындық тудырып отыр. Осы мәселені ерекше атап өтуге болады. Бізде мүгедектерге арналған арнайы мектептер жоқ. Бірақ "Кедергісіз келешек" жобасы бойынша мектептерде мүгедектерге қолайлы жағдай жасалып отыр. Арнайы пандустар орнатылды. Бұл дегеніміз ауыл мектептерінің бәрінде пандустар мен арнайы дәретханалар бар дегенді білдірмейді.

Сарыкөл ауданынан 16-17 жасқа толған екі мүгедек баламен кездестім. Оларды біздің іс-шараға аналары алып келді. Екеуі де аудан орталығынан жырақта тұрады екен. Балалар 16 жасқа толғанша білім алмаған. Мүгедек бала он алты жасқа келгенше оқымады деген бүгінгі өмірдің ащы шындығы ғой. Бұл бір жылда шешілетін мәселе емес, ұзақ уақыт керек. Жанға тиетін мәселе бұл. Аналарының айтуынша, ауылға қарасты бөлімшеде мектеп жоқ екен. Сондықтан балалар оқымай қалыпты. Ауылдарда өлеуметтік жұ-

мысшы, өлеуметтік педагог, психологтар жетіспейді. Мамандар ауылға барып, жұмыс істегісі келмейді. Арнаулы қызметкерлердің жетпеуі салдарынан да осындай мәселелер туындап отыр.

Мүгедек баланы бағып отырған аналардың жұмысқа орналасуы қиын. Себебі, ондай аналар күні бойы жұмыста бола алмайды. Мүгедек баланы күндіз-түні бақылауда ұстау керек. Жұмыс істемеген соң ай сайынғы зейнетақы төлемі де болмайды. Мүгедек баланың анасы қартайғанда ең төменгі зейнетақыны алады. Осылайша, қиындықтар жыл өткен сайын көбейе береді.

– Өлеуметтік психологиялық көмек ауадай қажет дейсіз ғой.

– Әрине. Көбінесе әйел заты мүгедек баламен жалғыз қалады. Қиындыққа тап болғанда ауылда кімнен көмек сұрасын? Балаларын көпшілікке көрсетіп, далаға шығаруға да қымсынады. Осындай ойлардың әсерінен ана мүгедек баласын далаға шығарғысы келмейді. Нәтижесінде, ана да, бала да психологиялық күйзеліске тап болады. Мұндай жағдайда психологтардың көмегі ауадай қажет. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар қоғамның толыққанды мүшесі екенін сезінуі керек.

– Әңгімеңізге рахмет.

СУРЕТТЕ: "Үміт-Надежда" ҚБ төрағасы Д.Оспанов.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



Пандустар талапқа сай ма?

Біздің арамызда арбаға таңылған мүмкіндігі шектеулі жандар бар. Олар да қоғамның толыққанды мүшесі. Мүгедектер де жұмысқа орналасып, табыс табуға құқылы. Олар үшін мемлекеттік қызмет көрсету орталықтары, медициналық мекемелер мен қоғамдық орындар қолжетімді болуы тиіс. Бұл – Елбасының тапсырмасы. Мемлекет басшысының Жолдауларында айтылған мәселе қаншалықты жүзеге асуда? Пандустар талапқа сай келе ме? Қостанай қаласындағы өлеуметтік инфрақұрылым нысандарының мүгедектерге қолайлылығын тексеру үшін "Нұр Отан" партиясының облыстық филиалы рейд жүргізді.

Партияның жергілікті филиалы жанынан "Кедергісіз келешек" жобасы аясында бақылау комиссиясы құрылған болатын. Оның құрамында облыстық мәслихаттың депутат-

тары, мемлекеттік органдардың басшылары, қоғамдық және жастар ұйымдарының өкілдері бар. Аталған топ қала тұрғындары жиі баратын медициналық және білім беру меке-

мелерінде болып, пандустардың дұрыс орналасуын тексерді.

– Біздің мақсатымыз – Қостанай облысында мүгедек азаматтарға бейімделмеген өлеуметтік нысандарды анықтау. Көбінесе пандус орналастыруда, кіру табалдырықтарында және қабаттарға көтерілу мәселесінде қателіктер жіберіледі. Дер кезінде алдын алсақ мұндай олқылықтарды жоюға болады, – деді "Нұр Отан" партиясының сайлауалды тұғырнамасын орындау және қадағалау бөлімінің кеңесшісі Олжас Дүйсеков.

Рейд барысында Қостанай облысы бойынша ХҚКО филиалының №2 бөлімі, №23 орта мектеп, №4 емхана, "Астықжан-Қостанай" супермаркеті сияқты өлеуметтік нысандар тексерілді. Нәтижесінде, ХҚКО облыстық филиалының №2 бөлімінде және №23 орта мектебінде пандустардың биік орналасқаны және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталмағаны анықталды. Ал №4 емхана мен "Астықжан-Қостанай" супермаркетінде мүгедектердің еркін жүріп-тұруына жағдай жасалған. Комиссия мүшелері аталған қос нысанға оң бағасын берді. Мүгедек азаматтарға бейімделмеген өлеуметтік нысандарға қатысты анықтама қағазы толтырылды. Талапқа сай келмейтін нысандар туралы деректер Қостанай облысы бойынша еңбек, өлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаментіне жіберіледі.

СУРЕТТЕ: қаладағы рейдтен көрініс.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Мүгедектер арбасын сыйлады

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай "Үміт-Надежда" қоғамдық бірлестігі мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арба сыйлады.

Жүріп-тұруы қиын мүмкіндігі шектеулі жандарға мүгедектер арбасы мемлекеттік бағдарлама бойынша, жоспарға сай беріліп отырады. Кейбір азаматтардың денсаулық көрсеткіштері бағдарлама бойынша арба алуға сәйкес келмейді. Мұндай жағдайда "Үміт-Надежда" ҚБ көмекке келеді. Аталмыш қоғамдық бірлестік биылдың өзінде 20 мүгедектер арбасын таратты. Соңғы екі айда Қарасу, Меңдіқара аудандары мен Рудный қаласындағы сал ауруына шалдыққан тұрғындарына берілді. Халықаралық қарттар күні мерекесінде II топтағы мүгедек Е.Вольтерге мүгедектер арбасы және тыл ардагері З.Почтарға жүруге арналған арба (ходунок)

сыйлады.

– Кейінгі кезде мүгедектер арбасының сапасы нашар болып шығуда. Кейбіреуі араға бір жыл салып пайдалануға жарамай қалады. Тірек-қимыл аппараты бұзылған азаматтар арбаға тәуелді. Сондықтан ескірген сайын жаңарту керек. Мүгедектер арбасына мұқтаж адамға кез келген уақытта көмек беруге дайынбыз. Қайырымдылықтың мұндай түрі бір күнмен шектелмейді, – деді "Үміт-Надежда" ҚБ төрағасы Дүйсенғали Оспанов.

Көмекке мұқтаж жанға қол ұшын беру белгілі бір уақытқа жоспарланбайтыны шындық. Өйткені қайырымдылық дегеніміз қастерлі қасиет емес пе?!

**Бетті дайындағын
Қымбат ДОСЖАНОВА**

	Мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
	Көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
	Таңдау нұсқасы;
	Келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

(Окончание. Начало в № 110,111,112 номерах газеты).

Утвержден постановлением акимата
от 3 августа 2015 года № 322

**Регламент государственной услуги
"Выдача решения на реконструкцию (перепланировку,
переоборудование) помещений
(отдельных частей) существующих зданий,
не связанных с изменением несущих
и ограждающих конструкций,
инженерных систем и оборудования"**

1. Общие положения

1. Государственная услуга "Выдача решения на реконструкцию (перепланировку, переоборудование) помещений (отдельных частей) существующих зданий, не связанных с изменением несущих и ограждающих конструкций, инженерных систем и оборудования" (далее – государственная услуга) оказывается местными исполнительными органами районов и городов областного значения (далее – услугодатель).

Прием документов и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется через:

- 1) канцелярию услугодателя;
- 2) филиал Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения "Центр обслуживания населения" по Костанайской области и его отделы в городах и районах Комитета связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан (далее – ЦОН).

2. Форма оказания государственной услуги: бумажная.

3. Результат оказания государственной услуги – решение услугодателя на реконструкцию (перепланировку, переоборудование) помещений (отдельных частей) существующих зданий, не связанных с изменением несущих и ограждающих конструкций, инженерных систем и оборудования.

Форма предоставления результата оказания государственной услуги: бумажная.

2. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

4. Основанием для начала процедуры (действия) по оказанию государственной услуги является принятие услугодателем заявления по форме согласно приложению 1 к стандарту государственной услуги "Выдача решения на реконструкцию (перепланировку, переоборудование) помещений (отдельных частей) существующих зданий, не связанных с изменением несущих и ограждающих конструкций, инженерных систем и оборудования", утвержденного приказом исполняющего обязанности Министра национальной экономики Республики Казахстан от 27 марта 2015 года № 257 "Об утверждении стандартов государственных услуг "Выдача справки по определению адреса объектов недвижимости на территории Республики Казахстан", "Выдача архитектурно-планировочного задания" и "Выдача решения на реконструкцию (перепланировку, переоборудование) помещений (отдельных частей) существующих зданий, не связанных с изменением несущих и ограждающих конструкций, инженерных систем и оборудования" (далее – Стандарт) и принятие пакета документов указанных пункте 9 Стандарта (далее – пакет документов).

5. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность его выполнения:

- 1) сотрудник канцелярии услугодате-

ля принимает пакет документов, осуществляет их регистрацию, выдает копию заявления с отметкой о регистрации с указанием даты и времени приема и передает руководителю услугодателя, 15 (пятнадцать) минут.

Результат процедуры (действия) – выдача услугополучателю копии заявления с отметкой о регистрации с указанием даты и времени приема пакета документов;

2) руководитель услугодателя рассматривает пакет документов и определяет ответственного исполнителя услугодателя, 1 (один) час.

Результат процедуры (действия) – виза руководителя услугодателя;

3) ответственный исполнитель услугодателя рассматривает пакет документов, подготавливает проект результата оказания государственной услуги, 3 (три) рабочих дня.

Результат процедуры (действия) – проект результата оказания государственной услуги;

4) руководитель услугодателя подписывает результат оказания государственной услуги, 6 (шесть) рабочих дней.

Результат процедуры (действия) – подписанный результат оказания государственной услуги;

5) сотрудник канцелярии услугодателя выдает услугополучателю результат оказания государственной услуги, 15 (пятнадцать) минут.

Результат процедуры (действия) – выданный услугополучателю результат оказания государственной услуги.

3. Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

6. Перечень структурных подразделений (работников) услугодателя, которые участвуют в процессе оказания государственной услуги:

- 1) сотрудник канцелярии услугодателя;
- 2) руководитель услугодателя;
- 3) ответственный исполнитель услугодателя;

7. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) с указанием длительности каждой процедуры (действия):

1) сотрудник канцелярии услугодателя принимает пакет документов, осуществляет их регистрацию, выдает копию заявления с отметкой о регистрации с указанием даты и времени приема и передает руководителю услугодателя, 15 (пятнадцать) минут;

2) руководитель услугодателя рассматривает пакет документов и определяет ответственного исполнителя услугодателя, 1 (один) час;

3) ответственный исполнитель услугодателя рассматривает пакет документов, подготавливает проект результата оказания государственной услуги, 3 (три) рабочих дня;

4) руководитель услугодателя подписывает результат оказания государственной услуги, 6 (шесть) рабочих дней;

5) сотрудник канцелярии услугодателя выдает услугополучателю результат оказания государственной услуги, 15 (пятнадцать) минут.

4. Описание порядка взаимодействия с центром обслуживания населения и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги

8. Описание порядка обращения в ЦОН, длительность обработки запроса услугополучателя:

1) работник ЦОНа проверяет правильность заполнения заявления и полноту пакета документов, предоставленных услугополучателем, на соответствие пункту 9 Стандарта, 5 (пять) минут.

В случае предоставления услугополучателем неполного пакета документов согласно перечню, предусмотренному пунктом 9 Стандарта, работник ЦОНа выдает расписку об отказе в приеме документов по форме согласно приложению 2 к Стандарту.

При предоставлении полного пакета документов, работник ЦОНа регистрирует их в информационной системе "Интегрированная информационная система Центров обслуживания населения" и выдает услугополучателю расписку о приеме соответствующих документов, 5 (пять) минут;

2) работник ЦОНа получает письменное согласие услугополучателя на ис-

пользование сведений, составляющих охраняемую законом тайну, содержащихся в информационных системах, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан, 5 (пять) минут;

3) работник ЦОНа подготавливает пакет документов и направляет его услугодателю через курьерскую или иную уполномоченную на это связь (3 часа);

4) услугодатель подготавливает, подписывает и направляет результат оказания государственной услуги в ЦОН, 9 (девять) рабочих дней;

5) работник ЦОНа в срок, указанный в расписке о приеме пакета документов, выдает результат оказания государственной услуги услугополучателю, 15 (пятнадцать) минут.


ЦОН обеспечивает хранение результата в течение одного месяца, после чего передает их услугодателю для дальнейшего хранения. При обращении услугополучателя по истечении одного месяца, по запросу ЦОНа услугодатель в течение одного рабочего дня направляет готовые документы в ЦОН для выдачи услугополучателю.

9. Государственная услуга через веб-портал "электронного правительства" не оказывается.

Справочник бизнес-процессов оказания государственной услуги представлен в приложении к настоящему Регламенту.

Приложение
к регламенту государственной услуги
"Выдача решения на реконструкцию (перепланировку, переоборудование) помещений (отдельных частей) существующих зданий, не связанных с изменением несущих и ограждающих конструкций, инженерных систем и оборудования"

**Справочник бизнес-процессов оказания государственной услуги
"Выдача решения на реконструкцию (перепланировку, переоборудование) помещений (отдельных частей) существующих зданий, не связанных с изменением несущих и ограждающих конструкций, инженерных систем и оборудования"**



Условные обозначения

	Начало или завершение оказания государственной услуги
	Наименование процедуры (действия) услугополучателя и (или) СФЕ
	Вариант выбора
	Переход к следующей процедуре (действию)

Банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушының құқықтары туралы

Банкте несие алғаннан кейін, қарыз алушы міндеттермен бірге құқықтарға ие болады, олар қолданыстағы заңнамаға сәйкес банктік қарыз шартында жазылуы тиіс.

Біріншіден, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес қарызды алғаннан кейін, қарыз алушы оны он төрт күнтізбелік күн ішінде тұрақсыздық айыбы мен айыппұлды төлеусіз қайтаруға құқылы. Қарызды алған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін, оны сондай-ақ мерзімінен бұрын тұрақсыздық айыбы мен айыппұлды төлеусіз өтеуге болады.

Екіншіден, егер кесте бойынша төлем жасау күні демалыс немесе мереке күніне келетін болса, онда төлемді келесі жұмыс күні тұрақсыздық айыбы мен айыппұлды төлеусіз жүзеге асыруға болады.

Үшіншіден, қарыз алушы банктен айына бір реттен артық емес банктік қарыз шарты бойынша қарызды өтеуге келіп түскен ақшаны бөлу туралы тегін ақпа-

ратты ала алады. Бұл үшін қызмет көрсететін банкке жазбаша түрде жолығу қажет.

Төртіншіден, қарыз алушы қарызды мерзімінен бұрын өтегісі келсе, өтініш негізінде банктен негізгі қарыз, сыйақы, комиссия, тұрақсыздық айыбы, айыппұл бойынша бөлінген қайта төленетін соманың көлемі туралы ақпаратты алуға құқылы.

Осындай ақпаратты банктен үш жұмыс күннен артық емес мерзімде ұсынулары қажет.

Бесіншіден, алған қарыз бойынша даулы жайлар болған жағдайда, қарыз алушы банкке жазбаша түрде жолығып, "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы" Заңнамамен бекітілген мерзімде жауап алуға құқылы.

Ипотекалық қарыз шартында сондай-ақ, қарыз алушының жасалған ипотекалық қарыз шарты бойынша туындаған келіспеушіліктерді реттеу үшін банктік омбудсманға жазбаша түрде жолығу құқығы болуға тиіс.

Әлеуетті қарыз алушы (жеке тұлғаға) банктік қарыз шартын жасағанға дейін, сараланған төлем әдісімен және аннуитетті төлем әдісі бойынша есептелген төлем кестесінің жобасымен танысу, және төлем әдісін таңдау қажет.

Шартқа, кестеден басқа, қарыз алушыға қарыздың барлық сомасы және валютасы, қарыздың мерзімі, төлемдер көлемі және қарызға қатысты басқа да мәліметтері бар қол қойылған және банктің мөрімен куәландырылған жадынама берілуі тиіс.

Егер қарыз беру туралы талаптарымен, қамтамасыз ету болып табылатын мүлктің нарық құнын анықтау мақсатында бағалау өткізуге және (немесе) сақтандыру шарттарын жасау қарастырылған болса, қарыз алушы бағалаушыны және сақтандыру ұйымын өз бетінше таңдауға құқылы.

ҚР Ұлттық Банкі
Қостанай филиалы.

ҚР Ұлттық Банкінің ақпараттық хабары

Еркін өзгермелі айырбастау бағамы режиміне өтуге байланысты жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы төлеу шеңберінде банктердің салымшылардан өтініштерді қабылдау мерзімін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы төлеу шеңберінде банктердің салымшылардан өтініштерді қабылдау мерзімін 2015 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзарту туралы хабарлайды. Бұл шешім теңгеді депозиттің өтемақысына құқығы бар салымшыларды барынша көп қамту мақсатында, сондай-ақ банктердің өтініші бойынша қабылданды.

2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күннің соңында салымшының екінші деңгейдегі банктерде және "Қазпочта"

АҚ-да теңгеді ашылған депозиті болған жағдайда оған өтемақы төленетін болады. Бұл ретте 2015 жылғы 18 тамыздағы жағдай бойынша банк шотындағы салым бойынша қалдық **1 миллион теңгеден аспауға тиіс.**

Өтемақы төлеу жеке тұлғалардың мерзімді депозиттері бойынша жүзеге асырылады.

Өтемақы алу үшін салымшы **депозитті қайта ресімдеген күннен бастап кемінде бір жыл мерзімге депозитті арнайы шотта сақтау жөнінде** өзіне міндеттеме қабылдайды.

Салымшылар **2015 жылғы**

1 желтоқсанға дейінгі мерзімде банкке депозитті қайта ресімдеу үшін өтініш жасауы қажет.

Түсініктемелер мен консультацияларды ҚР Ұлттық Банкінің Қоғамдық қабылдау бөлмесінен мына мекенжай бойынша: Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67, ҚР Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарында, ҚР Ұлттық Банкінің сайтында "Кері байланыс" нысаны арқылы (<http://www.nationalbank.kz/?getpg=Feedback%20for%20page&switch=russian>), сондай-ақ мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 788 085, 2 788 086.

Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" ММ (110000, Қостанай қаласы, Таран көшесі, 83, 428-кабинет, анықтама телефоны: 54-05-73, факс: 54-39-53, электрондық мекенжай: oblsport@kostanay.kz) "Б" корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Дене шынықтыру-бұқаралық жұмыс бөлімінің жетекші маманы, Д-О-5 санаты, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 57 656 теңгеден 78 157 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Олимпиадалық емес, ұлттық спорт түрлерін дамытуға талдауды жүзеге асырады. Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлерінен облыстың құрама командасын дайындауды және бақылау жасауды ұйымдастырады, олардың Қазақстан Республикасының чемпионаттарында, кубоктарында, біріншіліктерінде, кешенді іс-шараларына және басқа да республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуын, облыстық құрама команда тізімін бекіту үшін дайындауды қамтамасыз етеді.

Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлерінен спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу және дайындауды қамтамасыз етеді. Салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі іс-шаралар өткізеді. Олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлерін дамытуға, осы спорт түрлері бойынша спорттық резервті дайындауға, ағымдағы және перспективалық жоспарларды жүзеге асыруға бақылау және дайындауға, спорт түрлерін дамыту жөніндегі ақпаратты дайындауға жауап береді.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар:

Жоғары педагогикалық (дене шынықтыру) немесе ортадан кейінгі педагогикалық (дене шынықтыру) білім

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Мемле-

кеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығының негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" ММ (Қостанай қаласы, Таран көшесі, 83, 428-кабинет) конкурсты өткізу туралы хабарламаны жариялау күнінен **10 жұмыс күні ішінде** ұсынылуы керек.

Конкурс комиссияның қаралуына азаматтармен мерзімде қолма-қол немесе пошта бойынша берілген (қоса беріліп отырған құжаттар көрсетілуімен пәкіге салынған) құжаттар қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін электрондық пошта арқылы құжаттардың түпнұсқаларын өңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырады.

Өңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны өңгімелесуге жіберу туралы хабарландыру күнінен бастап **5 жұмыс күні ішінде** "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" ММ-де өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлға өңгімелесу өтілі басталуына дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей персоналды басқару қызметінде "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" ММ-де тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" ММ-не жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Конкурсқа қатысуға шығындар (өткізілу орнына және кері қайтуына жүру, үй-жайын жалдауға, тұруына, барлық түрдегі байланыс қызметтерімен пайдалануына) азаматтар өз қаражаты есебінен төлейді.

ЖӘРМЕҢКЕ!

10 қазанда сағат 9.00-де Сити-Орталықта, 8,9 шағынаудандар аралығында Арыстанбеков көшесінің бойында және КСК ауданында Текстильщиктер көшесінде ("Жастар" бульварының кіре берісі) облыстың аудандары мен қалалары тауарөндірушілерінің қатысуымен "Алтын күз–2015" ірі көлемді ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтеді.

Қосымша ақпарат тел.: 575 - 773.

"Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 29, 715 каб., анықтама телефоны 8(71430)7-09-23, факс 8(71430)7-52-32, электрондық пошта maslihatar@yandex.ru) "Б" корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

"Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы (санаты Е-5), лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне байланысты 53172 теңгеден 71672 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері:

Мәслихат аппаратындағы құжаттардың айналымын және іс жүргізу жұмысын жүргізеді, белгіленген номенклатураға сәйкес барлық іске жауап береді, жыл сайын аппарат басшылығына іс номенклатурасын жетілдіру ұсыныстарын енгізеді. Аяқталған өндіріс істерді есептеу және сақтау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады, оларды дайындап және мұрағатқа белгіленген тәртіпке сәйкес тапсырады. Қалалық мәслихатының аппарат қызметкерлерінің жеке істерін жүргізеді. Қалалық мәслихаттың аппаратындағы бос орындар үшін конкурстар өткізу үшін құжаттардың дайындалуын және аппарат қызметкерлерінің аттестациясын өткізуді қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызмет-шілерінің этика кітабын жүргізеді. Мәслихат хатшысы жоқ болған жағдайда қабылданған хабарды жазып, олардың мазмұнын кейін жеткізеді, қызметкерлерді мәслихат хатшысының тапсырмасы бойынша шақыру, мәслихат хатшысының және аппарат қызметкерлерінің іс-сапарға кеткендігі туралы жазбасын жүзеге асырады. Жөнелтілген, келіп түскен хабарды, азаматтардың жазбаша немесе ауызша үндеуін, сондай-ақ басқа да құжаттарды тіркеу журналын жүргізеді. Белгіленген тәртіп бойынша хабардың қабылдануын және тіркелуін, мәслихат хатшысына және аппарат қызметкерлеріне уақытымен қарауға берілуін жүзеге асырады. "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы" №1-ТӨ нысаны бойынша есебін құрайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары немесе ортадан кейінгі білімі (заңгерлік, экономикалық, педагогикалық). Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген, Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан кейін – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға

сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күнінің ішінде** "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайға: Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 29, 715 каб., анықтама телефоны 8(71430)7-09-23, факс 8(71430)7-52-32, электрондық мекенжайы: maslihatar@yandex.ru үшін қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып, құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын өңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Өңгімелесуге жіберілген кандидаттар өңгімелесуге жіберу туралы хабарлар ету күнінен бастап **5 жұмыс күні ішінде** "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар өңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару қызметіне (кадр қызметі) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару қызметіне (кадр қызметі) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару қызметіне (кадр қызметі) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне "Арқалық қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару қызметіне (кадр қызметі) тіркеледі.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (өңгімелесу өтетін жерге келу және кері қайту, тұрғын үйлік орын-жайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

"Қостанай таңы" газетінің 02.10.2015 жылғы № 111 (18320) санында жарияланған "Қостанай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің хабарландыруы заңсыз деп танылсын.

Утеряно свидетельство от 8.02.2007, № 81, выданное на имя Айтбаевой С.М., на адрес: г. Костанай, ж.м. Кунай, ул. Байтерек, д.2, кв. 1.

"Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ ұжымы басқарма аппаратының бас маманы Айжан Жусанқызына анасы **Гүлбарам Тілеуқабылқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

● ЭКСПО–2017

Халық таңдар сапа. Дауыс бер

- Осы жылдың басында Мемлекет басшысының бастамасымен республика бойынша "Қазақстанда жасалған" акциясы бастамасын алды. Акцияны қолдау мақсатында мамыр айында жалпыұлттық "Халық маркасы" байқауы басталған болатын. Енді қыркүйектің 9-ынан қазанның 8-іне дейін жалағасатын "Халық маркасы" байқауы Қазақстанда жасалған ең үздік өнімдерді анықтайтын болады. Жеңімпаздар 18-20 қазан аралығында Миландағы ЭКСПО-2015 көрмесіне қатысып, өз тауарларын ұсынады. Бұл туралы "Халық маркасы" жобасының жетекшісі Римма Тәжібаевамен тілдескен едік.

– Римма Данабайқызы, отандық тамақ өндірушілер арасындағы "Халық Маркасы" байқауының мән-жайы туралы білсек?

– Айта кететін жайт, аталмыш байқау 148 мемлекеттің тағам өнімдері арқылы инновация, шығармашылық және салт-дәстүрді таныстырып отырған EXPO MILANO–2015 Халықаралық көрмесінің тақырыбымен ұштастырылып отырған жалғыз отандық жоба. Жобаның негізгі мақсаты: отандық тауар маркаларының танымалдығын арттыру, нақты тауарларға баға беру арқылы жалпы тауар маркаларының қаншалықты сұранысқа ие екенін және жыл жеңімпазын анықтау.

Мұндай үлкен іс-шара мемлекетімізге тек үлкен абырой әкелері анық. Конкурсқа қатысу арқылы, өңірлік компаниялар өнімнің бәсекеге сай екенін дәлелдеп, тұтынушылар арасында үлкен сенімге ие болары сөзсіз.

Жобаның сәтті болуына өңір басшылары да өз үлесін қосуда. Бүгінде байқауға барлық облыстар және Алматы, Астана қалалары қатысуда.

– Байқау жеңімпаздары қалайша анықталады?

– Қазіргі таңда 70-тен астам отандық өндіруші, 100-ден астам марка байқауға қатысуға өтініш білдірді. Тауарлар түріне шек жоқ, байқауға шөй, ұн, жұмыртқа, ет, сондай-ақ теңіз өнімдерін өндірушілер қатысуда.

Жеңімпаздарды тұтынушылардың өздері www.halykmarkasy.kz сайты арқылы анықтайтын болады. Онлайн дауыс беру қыркүйектің 9-ында басталып, 8-ші қазанда аяқталады.

– Жеңімпаздар қандай мүмкіндіктерге ие болады?

– Біріншіден, жеңімпаздар "Халық Маркасы" сапа белгісін тауар жапсырмасына екі



жылға дейін қою мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар, Астана қаласында өтетін EXPO–2017 көрмесін ұйымдастырушылар назарына ұсынылады.

– Марапаттау рәсімі қашан және қайда өтеді?

– Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 19-21 қазан аралығында Дүниежүзілік азық-түлік күні қарсаңында, Біріккен Ұлттар Ұйымы аясындағы Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымымен бірлесе Миландағы "EXPO–2015" көрмесінде Қазақстанның павильонында өтеді.

● ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймыз!

Затобол кентінде тұратын Еңбек Қызыл Ту, Құрмет белгісі және III дәрежелі Даңқ ордендерінің иегері **ИРГАСИМОВ Мұратты** 70 жас мерейтойымен құттықтаймыз! Сүйікті жары Нағымша Қалиқызымен екеуі ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырған бақытты жануя. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат тілейміз. Балаларыңыздың немере-жиендеріңіздің қызық-қуанышына бөлене беріңіздер демекпіз.



Ігі тілекпен: Қалиевтер, Асановтар, Хамитовтер, Жүнісовтер, Файнуллиндер, Фабдуалиевтер отбасылары.



Құттықтаймыз!



Сүйікті жиеніміз **ТӨЛЕУБАЙ Әнел Абзалқызын** 6 жасқа толған туған күнімен құттықтаймын! Деніне саулық, бақытты балалық шақ тілеймін!

Жарқын болсын болашағың келер күн
Өмір жолың гүлге толсын көнелсін.
Елің сүйер ақылды бол, боташым,
Білімді бол, өрінде бол өнердің.

Тілек білдіруші: нағашы әжесі Раиса.



"Қостанай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірыңғай конкурс комиссиясы (110000, Қостанай қаласы, Пушкин көшесі, 98, 301 каб., анықтама телефоны: 8 (7142)53-03-55, факс: 8(7142)53-39-80, электрондық пошта: L.Isabaeva@qostanay.gov.kz) "Б" корпусының Қостанай қаласы әкімінің орынбасары (Е-1, 1 бірлік) лауазымдық жалақысы еңбек еткен жылдарына қарай 115 954 теңгеден 156 314 теңгеге дейін бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды.

Қызметтік міндеттері: ҚР Заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, мемлекеттік үкіметтің жоғары тұрған органдарының нормативтік-құқықтық актілерінің, сондай-ақ өз бағыты бойынша әкімдік қаулыларының, әкім шешімдерінің және өкімдерінің орындалуын ұйымдастыру; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және қала өмірін қамтамасыз ететін, көлік, байланыс, пәтер иелерінің тұтынушылар кооперативі, өртке қарсы қызметтің, автомобиль жолдары желісін дамыту және күтіп ұстау, гараж-құрылыс кооперативтер жұмысын дамыту және күтіп ұстау мәселесі. Жылыту-энергетикалық кешен, жұмылдыру даярлығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен апаттардың салдарын жою, қала жылыту маусымына дайындық және өту, селге қарсы іс-шаралар мәселелері. Көліктегі қауіпсіздік жөніндегі, төтенше жағдайлар және селге қарсы күрес жөніндегі, иелердің тұтынушылық кооперативі және пәтер иелерінің тұтынушылар кооперативі үйлестіру кеңесінің жұмысын үйлестіру жөніндегі комиссиялардың жұмысын үйлестіру. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа міндеттер.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Білімі жоғары экономикалық, техникалық, ауыл шаруашылық, құрылыс, заңгерлік, мемлекеттік және жергілікті басқару.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;

2) жоғары оқу орынынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе ғылыми дәрежесінің болуы;

3) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

4) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

ҚР Заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, мемлекеттік үкіметтің жоғары тұрған органдарының нормативтік-құқықтық актілерінің, сондай-ақ өз бағыты бойынша әкімдік қаулыларының, әкім шешімдерінің және өкімдерінің орындалуын ұйымдастыру; экономика, бюджеттік жоспарлау, жергілікті бюджетті толықтыру және орындау, мемлекеттік сатып алу, коммуналдық меншікті жалдау, жер және тұрғын үй заңнамасы және сыртқы экономикалық байланыс. Банктар, аудиторлық мекемелердің, өнеркәсіп кәсіпорындары, шағын және орта бизнес, құрылыс, құрылыс индустрия жұмысын үйлестіру; тұрғын үй, қала құрылысы кеңесі, салықтың толық және уақытылы түсіміне бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі, мемлекеттік коммуналдық мүлкікті жалға беру үшін конкурс өткізу жөніндегі комиссиялардың жұмысын үйлестіру. Қазақстан Республикасының заң-

намасымен көзделген басқа міндеттер. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 Бұйрығы негізінде жүргізіледі (бұдан әрі – Қағидалар).

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күннің ішінде** 110000, Қостанай қаласы, Пушкин көшесі, 98, 301 каб. мекенжайы бойынша тапсырылуы қажет.

Азаматтар құжат тігілетін мұқабада орналастырылған жоғарыда аталған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберу туралы үміткерлерді хабарландыру күнінен бастап **5 күн ішінде** үміткерлер әңгімелесуді "Қостанай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде, 309 кабинетте өтеді.

Конкурстық комиссияның айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады.

Конкурстық комиссияның бақылаушылары ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген аккредитация алған бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдар), коммерциялық ұйымдар мен саяси партиялардың өкілдері қатыса алады.

Конкурстық комиссияның отырысына бақылаушы ретінде қатысу үшін әңгімелесу өткізудің басталуына бір жұмыс күннен кешіктірмей, Қостанай қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару (кадр қызметі) бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға Қостанай қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару (кадр қызметі) бөліміне жеке куәлігінің көшірмесін, ұйымға жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмесін ұсынады.

Конкурсқа қатысу бойынша шығындар (әңгімелесу өтетін жерге және кері қарай жол жүру, тұрғын үй-жай жалдау, тұру, барлық түрдегі байланыс қызметтерін пайдалану) азаматтардың өз қаражаттары есебінен жүргізіледі.

Батагөй қария



Міне, осындай тақырыппен 1қазан – Халықаралық қарттар мерекесіне орай Аманкелді аудандық мәдениет үйінде сайыс өткізілді. Мақсаты – ақыл-парасаты кемел, адамшылығы асқақ, сөзге шешен батагөй қарияларымызды халыққа таныту арқылы халықты имандылыққа, адамгершілікке, ынтымақтастыққа шақыру. Іс-шараның ұйымдастырылып өтуіне аудандық әкімдік, ардагерлер кеңесі мен орталық кітапхана ұйытқы болды. Қазылар алқасының шешімімен, Жалдама ауылынан Бүркітбай Бекетов сайыс жеңімпазы болып танылды, Тасты және Қарасу ауылының

қариялары Әуезхан Ахатов және Тауған Ғалин екінші және үшінші орынға ие болды.

Аузында дуа, сөзінде кие бар данагөйлеріміз елге пана, халыққа қорған болар небір сүлейлерді тәрбиелеуде батаның орнын аса жоғары бағалаған. Бабалардан қалған бата – біздің дүниенің бар асылына айырбастағысыз асыл қазынамыз, киелі тұмарымыз! Ендеше, әрқашан қадірлеп, қастерлей білейік!

Е.ОЛЖАҒҰЛОВ,
Аманкелді аудандық орталық кітапхана қызметкері.

• ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ТІРШІЛІК



Қамқоршысы – қара шаңырақ

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Осыдан бір ай бұрын «Қостанай таңы» газетінің сайтында «Барар жері, басар тауы жоқ» атты мақала жарық көрген болатын. Мұнда дүниеге келісімен 16 жасар анасы жетімдер үйіне өткізіп жіберген Марат есімді жігіттің ес білгелі бері көріп келе жатқан тауқыметті тағдыры туралы айтылған болатын. Қарабалық аудандық жетімдер үйінен жеті жасанда Қостанайға ауыстырылған. Ауыстырылғанда да, кәдімгі жетімдер үйінде орын болмауына байланысты ақыл-есі кем балаларға арналған №2 мектеп-интернатына өткізілген. Бұл мекемеге өткізілгендердің бәрі аты-жөнісіз, тексерусіз психиатриялық ауруханаға бірден тіркеуге алына салады. Кейін бұл мектеп-интернат Маратты колледждердің біріне түсіреді. Ал ол оқу орны оны білім алып болған соң, қолына дипломын ұстатып, жібере салған. Марат Бучиев содан бері, дипломы бола тұра, ешқайда жұмысқа қабылданбаған. Басты кедергі – психиатриялық ауруханада тіркеуде тұрғандығы. Содан бері тірліктен ешбір таяныш таба алмай, тағдыры тас-талқан болып сала береді. Айлар бойы қара жұмыстарға жегіліп, көшелерде түнеп, қайыр тілеп, қоқыс тінтіп күнелткен жас жігіт туманды тіршілігіне арашашы таба алмай тентірген.

Редакцияға келіп, мұның айтып жылаған Марат Бучиевтің бізге дейін бармаған жері қалмаған. Екі ай бойы күндіз әр

мекеменің есігін қағып, табалдырығын тоздырса, ал түнде далада қоныпты. Соңғы үміті осы қара шаңырақ «Қостанай таңы» екен. Жұрттың айтуымен осында келуді жөн көрген.

Өрімдей қазақ жігітінің шыр етіп дүниеге келгенінен, өмірдің ащы дәмін татып өскені туралы кеңінен тарқатып жазғанбыз. Ғаламторға салынған бойда, бұл материал әлеуметтік желілерде қызу талқылауға түсіп, оқырмандар қатарынан жаны ашып, көмектесуге ниет білдіргендер табылып, Қазақстанның түкпір-түкпірінен қоңыраулар шалынды.

Мақала жарияланғаннан Мараттың жағдайынан хабар үзбей, бізбен күн сайын байланыста болып жүрген алматылық Айдана Кәрімқұлова кейіпкерімізді кешеуілдетпей Алматыға жіберуімізді өтінді. Құжаттарын қалпына келтіріп, жұмысқа орналауына, аяғынан тұрып кеткенінше пәтерақысын өз мойнына алып, барынша көмек беретінін айтты. Біздің бірден келісе салудан аулақ болғанымыз рас. Білдей бір тағдырға атүсті қарамай, біраз өзіміз қадағалап көрдік. Өйткені қазіргі заманда небір аты жаман бәлелер бар емес пе? «Құны сұраусыз» деп құлдыққа салып, «болса да адасып жүр» деп діни сектаға итеріп жіберіп жатса, обалы әуелі бізге болар еді. Бірақ... «Әр қазақ жалғызымыз ғой» деп сөз саптаған Айдана өзінің адал пиғылда екеніне сендіре алды.

Айдана Алматы қаласында дизайнер-интерьер болып жұмыс істейді екен. Өзі жас болса да, Маратқа көмектесуге деген ынтасын білдіріп, ағынан жарыл-

ды. Асып-тасыған байлығы да жоқ. Ең бастысы, иман байлығы мен жүрегінің кең пейілділігі мол қыз болып шықты. Бар болса да ниеттері ашкөздікпен байлаулы отырған байларға ашынып, үлгі болғысы келетінін айтты.

Көмекке ұмтылғандар арасынан Айдананы жөн көріп, Маратты Алматы қаласына жіберуді ойластырдық. Марат та келісе кетті. Қарсылық білдірердей онда аса таңдау да жоқ еді. Бізде – «Қостанай таңы» газетінің ұжымы қолымыздан келгенше, азын-аулақ қаражат жинадық. Алматыға дейінгі билеті мен жол азығын алып бердік. Қалтасына керек болар деп ақша да салдық. Сөйтіп, жігітіміз Алатау

баурайына жол тартты. Пойызға өмірінде алғаш рет мініп отырған Маратпен Алматыға жеткенінше байланыс суытпай, хал-жайынан хабардар болып отырдық.

Осылайша, барлығы ойдағыша іске асып, алматылық қаракөзіміз Маратты күтіп алғанын айтып бір хабарласты, бірер күннен соң оның жалдамалы пәтерге жайғасып, жұмысқа орналасқанын айтып тағы бір қуанып тастады. Одан кейін де Айданамен және Мараттың өзімен де жиі-жиі жөн сұрасып жүрдік. Міне, содан бері бір ай өтті. Марат Алматыдағы дәмханалардың бірінде аспазшы болып істеп жүр. Айтпақшы, ол өзі де бізге аспазшы болғысы келетінін, алайда, қолындағы құжаттың кесірінен бұл арманының орындалмай жүргенін айтқан. Айдана да әуел баста оның қолынан не іс келетінін сұрап алып барып, осы жұмысты тауып беріпті. «Қазір өзіне тиесілі жұмысты жақсы істеуде, пісірген тоқаштары тұтынушылардың көңілінен шығады. Бастықтары мақтап отыр. Жауапкершілігі де мол. Табысы бір басына жетіп-артылады», – дейді Айдана. Мұнымен іс біткен жоқ. Енді Айдана Мараттың құжаттарын жөндеп, «ақыл-есі түзу емес» дейтуғын еш дәлелсіз, негізсіз берілген анықтаманың көзін жоюға көмектесетінін айтып отыр. Аспаздық бойынша диплом алып алса да артық болмас дейді мың болғыр бойжеткен. Ал, Мараттың көп армандарының ішіндегі ең аяулысы – өмірде бар болса, анасын көргісі, іздеп тапқысы келеді...

• МЕРЕЙ

Құшағы үлге толды



Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

ҚР мәдениет қайраткері, І. Омаров атындағы облыстық қазақ драма театрының актрисасы Шара Мүсілова 60 жасқа толды. Театр сахнасында көп жылдардан бері жүрген, көрерменнің сүйікті актрисасына айналған Шара Мүсілова мерейтойын көрермендерімен бірге өткізді.

Бүгінде актриса нағыз толған, толысқан шағында десе де болады. Ол Қостанай театрына, одан бұрын Арқалық қаласындағы Ахмет Байтұрсынов атындағы сазды-драмалық театрына келмес бұрын өзінің кіндік қаны тамған Аманкелді ауданындағы мәдениет бөлімінің жанындағы халық театрында шыңдалды. Аталмыш театрда актриса ретінде қарым-қабілеті жетіліп, қанаты қатайған. Мұнда өзіне тапсырылған рөлдерді аса бір шеберлікпен сомдап, жерлестерінің ыстық ықыласына бөлене білген жан бүгінде облыстық қазақ театрының белді актрисасы. Шараның ізденісіне көрермендердің бәрі де тәнті. Жалпы, Шара апамызды танитындар «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп баға беріп жатады. Себебі, ол күнделікті сахнада өнер көрсетіп жүрген мәдениет саңлағы ғана емес, әдемі де сүйкімді даусы бар талантты әнші.

Өзінің мерейтойында актриса Е. Құшуақовтың «Қызыл алма» спектаклін көруге шақырды. Спектакль адамгершілік қасиеттер туралы, біреудің дүниесіне рұқсатсыз қол сұқпау керектігі жөнінде. Бұл сахналық туынды көрермендердің көңілінен үнемі шығып, еріксіз езу тартқызады. Ондағы басты бейнені сомдаған Ш.Мүсілова да, басқа әртістер де өз рөлдерін шебер ойнап, актерлік қабілеттерін көрсете білді. Мерейтой иесі өзбек драматургінің бұл пьесасын жастарға арнап отырғандай. Ауыл қызының тұрмыс құрар кездегі алғашқы ұлттық салт-дәстүрді сақтап, өзінің болашақ тағдырын шешудегі әрекетін суреттейтін комедиялық қойылымның берері көп.

Кешке келгендер кеш соңынан мерейтой иесін құттықтап, құшағын үлге толтырды.

**СУРЕТТЕ: «Қызыл алма»
спектаклінен көрініс.**

Меншік иесі:

**“Қостанай таңы” газеті
редакциясы” ЖШС**

**Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергізіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 5-57-60
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

**Редакцияның
мекенжайы:**

**110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90**

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. “Қостанайполиграфия” ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10537. Тапсырыс 2188.

Нөмірдің кезекші редакторы: Қ.ДОСЖАНОВА.